

**«Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі»  
КМҚК-де мемлекеттік сатып алулар және іс-шараларды мақсатты жоспарлауында  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдамалық  
анықтама**

Атырау қаласы

2025 жылы 19 желтоқсан

«Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі» КМҚК-ның (әрі қарай- Оркестр) басшысының 2025 жылғы 10 желтоқсан № 53Н/Қ бұйрығы негізінде 2025 жылдың 10 желтоқсан – 19 желтоқсан аралығында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Оркестрдің кадр инспекторының жұмыстарына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау туралы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Кадр инспекторының жұмыстарына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Мүдделер қақтығысын реттеу.
3. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу фактілері.
4. Оркестрмен сотта қаралған азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша ішкі талдау жүргізу.
5. Қорытынды.

**1. Оркестрдің кадр инспекторының жұмыстарына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарын сақтай отырып жүргізілуде.

Ішкі талдау жүргізу кезінде Оркестр қызметкерлерінің штат саны - 130 бірлікті құрайды. Нақты саны – 124 қызметкер жұмыс жасайды.

Соның ішінде 2025 ж. 1 қаңтар айынан – 2025ж. 19 желтоқсан айына дейін –17 қызметкер жұмысқа кірді және жұмыстан 15 қызметкер өз еріктерімен жұмыстан шығарылды.

Зейнетақы жасына жеткен 1 бас есепші лауазымы бар. ҚР Еңбек Кодексінің 30 бабының 5 т. сәйкес, Кушкарбаева Мнаура Саясатовна жыл сайын ұзартылып келеді.

Теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлер жоқ.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің 103 бабы 2 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, Электрондық еңбек биржасы ([www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)) порталында кадр инспекторымен А.Кадырова жұмыстан шығарылған қызметкерлерді Enbek.kz порталына, бос жұмыс орындары туралы ақпаратты жариялайды және жұмысқа кірген қызметкерлерді уақытылы тіркейді.

Оркестрдің барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Бұрын жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

**2. Мүдделер қақтығысын реттеу:**

Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіндегі шаралардың бірі болып табылады.

Оркестрда жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Оған қоса, Оркестрдің қызметкерлерінде әкімшілік, қылмыстық заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

**3. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері:**

Қызмет көрсету мерзімін бұзу фактілері болған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің саны – 2. Барлық шағымдар уақытылы жасалған. Соның ішінде негізсіз шағымдар жоқ.

**4. Оркестрмен сотта қаралған азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша талдау жүргізу:**



Оркестрдің тарапынан азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер қаралған жоқ.

Басқа заңбұзушылықтар анықталған жоқ.

**5. Қорытынды:**

Қорытындылай келе, Оркестрдің қызметкерлерінің тарапынан жеке және заңды тұлғалардың өзінің құқығы мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын қандай болса да заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) анықталған жоқ.

Ішкі талдау жүргізілген кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

№ р/н	А.Ә.Т	Лауазымы
1	Кадырова Айнагуль Андровна	Кадр инспекторы 
2	Мендигалиева Алтын Нурлановна	Комплаенс – офицер 
3.	Құмарова Анар Адамқызы	Заңгер 